

2017 жылдың 17 қараша күні Облыстық экологиялық-биологиялық орталығының ұйымдастыруымен педагогтардың экология саласындағы құзіреттілігін, шығармашылық әлеуетін арттыру және кәсіби шеберлігі мен іс жүргізушілік қызметі арасында тығыз байланыс орнату мақсатында «Туған жер» бағдарламасының «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасы аясында «Экологиялық көпір» тақырыбында облыстық семинар өткізілді.

Семинарда 11 аудан және Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған облыстық арнайы мектеп-интернаты, Облыстық көру қабілеті бұзылған балаларға арналған мектеп интернаты, Дарынды балаларға арналған мамандандырылған №8 облыстық мектеп, «Атамекен» қалалық балалар - жасөспірімдер туризм және экология орталығының әдіскерлері қатысты.

